

**№7 Хромтау мектеп-гимназиясы (жанындағы мектеп-интернатымен) КММ
Педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМА № 5**

Өткізілу күні: 01 маусым 2023 ж
Уақыты: 11:30

Қатысушылар – мектеп ұжымы

Кеңес төрағасы: Культаева Э.К.
Хатшы: Байдуллаева А.Б.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер :

1. 2022-2023 оқу жылының қорытынды білім сапасының мониторингі. Білім стандартының орындалуы. Емтиханға дайындық. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары : Жакуда Г.Н.
2. «2022-2023 оқу жылының аралық емтиханынан босату және қорытынды аттестаттауға жіберу туралы» бұйрықпен таныстыру. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Абдуллина А.Б.
3. Білім алушылардың жазғы демалысын сапалы ұйымдастыру. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Тәрбие жұмысының жылдық қорытындысы. 2023-2024 оқу жылына Білім алушылардың міндетті мектеп формасының үлгілерін ұсыну. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.а: Каналина Ж.А.
4. Мектептің әдістемелік жұмысының жылдық қорытындысы. 2023-2024 оқу жылына ұсыныс. Директордың ғылыми - әдістемелік жөніндегі орынбасары: Алмаханова Л.Т.
5. «Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстың жылдық қорытындысы.» Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И.
6. Ресурстық мектептің жұмысын қортындылау. Директордың ғылыми - әдістемелік жөніндегі орынбасары: Алмаханова Л.Т.
7. Мектеп білім алушыларының эмоционалдық, психологиялық жағдайы. Мектеп психологі: Каймолдина М.Е.
8. Мектептің әлеуметтік жағдайын қорытындылау. Әлеуметтік педагог: Мамбеткулова А.К.
9. Мектептің материалдық базасын нығайту, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізу. Шаруашылық жөніндегі орынбасары: Сермағамбетова К.

Тыңдалды:

1- мәселе бойынша: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары : Жакуда Г.Н. 2022-2023 оқу жылының қорытынды білім сапасының мониторингі. Білім стандартының орындалуы. Емтиханға дайындық. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша №7 Хромтау мектеп гимназиясының 2-11 сынып аралығындағы контингенті 504 білім алушыны құрады.

- 2 «А» сыныбының білім сапасы – 71,43%, 13 оқу озаты, 7 оқу екпіндісі.
 - 2 «Ә» сыныбының білім сапасы – 61,54%, 4 оқу озаты, 12 оқу екпіндісі.
 - 2 «Б» сыныбының білім сапасы – 66,67%, 4 оқу озаты, 4 оқу екпіндісі.
 - 3 «А» сыныбының білім сапасы – 63,64%, 13 оқу озаты, 1 оқу екпіндісі.
 - 3 «Ә» сыныбының білім сапасы – 55%, 6 оқу озаты, 5 оқу екпіндісі.
 - 3 «Б» сыныбының білім сапасы – 57,14%, 5 оқу озаты, 3 оқу екпіндісі.
 - 4 «А» сыныбының білім сапасы – 52,17%, 7 оқу озаты, 5 оқу екпіндісі.
 - 4 «Ә» сыныбының білім сапасы – 58,33%, 6 оқу озаты, 8 оқу екпіндісі.
 - 4 «Б» сыныбының білім сапасы – 40%, 2 оқу озаты, 4 оқу екпіндісі.
- Жалпы бастауыш білім беру бойынша білім сапасы 59,24% болды.
- 5 «А» сыныбының білім сапасы – 37,04%, 3 оқу озаты, 7 оқу екпіндісі.
 - 5 «Ә» сыныбының білім сапасы – 48,15%, 4 оқу озаты, 9 оқу екпіндісі.

6 «А» сыныбының білім сапасы – 44,44%, 6 оқу озаты, 6 оқу екпіндісі.

6 «Ә» сыныбының білім сапасы – 48,15%, 5 оқу озаты, 8 оқу екпіндісі.

7 «А» сыныбының білім сапасы – 54,55%, 6 оқу озаты, 6 оқу екпіндісі.

7 «Ә» сыныбының білім сапасы – 50%, 4 оқу озаты, 7 оқу екпіндісі.

8 «А» сыныбының білім сапасы – 46,67%, 1 оқу озаты, 13 оқу екпіндісі.

8 «Ә» сыныбының білім сапасы – 34,48%, 4 оқу озаты, 6 оқу екпіндісі.

9 «А» сыныбының білім сапасы – 53,85%, 2 оқу озаты, 12 оқу екпіндісі.

9 «Ә» сыныбының білім сапасы – 38,89%, 7 оқу екпіндісі.

Жалпы, негізгі орта білім беру бойынша білім сапасы 45,49%.

10 «А» сыныбының білім сапасы – 64,71%, 1 оқу озаты, 10 оқу екпіндісі.

10 «Ә» сыныбының білім сапасы – 45%, 4 оқу озаты, 5 оқу екпіндісі.

11 сыныптың білім сапасы – 53,57%, 4 оқу озаты, 11 оқу екпіндісі.

Жалпы орта білім беру бойынша білім сапасы 53,85%.

Мектеп-гимназия бойынша білім сапасы 51,59% құрады. Жалпы, 104 оқу озаты, 156 үлгерімі жақсы оқушы бар екенін айтып өтті. Сонымен қатар Білім стандартының орындалып отырғанын, Емтиханға дайындықтың жүріп жатқандығы жайлы түсіндіріп кетті.

2- мәселе бойынша: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Абдуллина А.Б. «2022-2023 оқу жылының аралық емтиханынан босату және қорытынды аттестаттауға жіберу туралы» бұйрықпен таныстырды.

3- мәселе бойынша: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.а: Каналина Ж.А. Білімалушылардың жазғы демалысын сапалы ұйымдастыру. 1-Жазғы Лагерь бойынша:

1 ауысым - 5-16 маусым аралығында

2 ауысым - 19-30 маусым аралығында жазғы сауықтыру лагері 0-5 сынып оқушыларын қабылдайды. Жетекшісі: Нугманова Зинекуль.

Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Тәрбие жұмысының жылдық қорытындысы.

2023-2024 оқу жылына Білім алушылардың міндетті мектеп формасының үлгілерін ұсыну.

Жазғы уақытта оқушылардың су айдындарына ата-аналарының қарауынсыз бармауын сынып жетекшілері ата-аналарға ескерту!

[14:45, 02.06.2023] Каналина Жазира: Тәрбие жұмысының жылдық қорытындысы!

Тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жұмыс жасайды. 1 жыл бойы осы 8 бағыт бойына мектебімізде ірі мектепшілік - 36 шара, классаралық - 104 іс шара, 756 - тәрбие сағаттары өткізілді. Әр тоқсан сайын беріліп отырған есеп бойынша, тәрбие жұмысының жоспары бойынша, барлық іс-шараға қатысып, жоғары ұпай пайыз жинаған төмендегі мұғалімдерді Алғыс хатпен марапаттадық!

1) Ташигулова Зауре Мергенбайқызы

2) Исмагамбетова Жұлдуз Уйтоллиевна

3) Есмурзина Лена Серікқызы

4) Абдуллина Бибиғайша

5) Ахметова Альмира Амангельдиевна

6) Дүйсенбина Гульжайна Картпанбаетовна

7) Изекешова Айдана

8) Рскалиева Гулсезим Маликовна

9) Жұлдызай фамилия забыла апай

10) Жаркимбаева Зауреш Сериковна

11) Жекеева Алтынай Шокуловна

12) Искендинова Сарбиназ

4) 2023-2024 оқу жылына Мектеп формасын үлгілері: Ер балалар қара көк түсті шалбар, костюм, ақ жейде, қыз балалар қара көк түсті юбка тізеден түсетін, ақ жейде. Дене шынықтыру сабағына: Ақ футболка, қара трико, табаны ақ спорттық аяқ киім.

4- мәселе бойынша: Директордың ғылыми - әдістемелік жөніндегі орынбасары: Алмаханова Л.Т. Мектептің әдістемелік жұмыстың жылдық қорытындысын жасай келе өткізілген әдістемелік бірлестік жетекшілерінің жүргізген жұмыстарына, жас мамандармен жүргізілген

жұмыстардың, желілік қауымдастық бойынша жүргізілген жұмыстың, шығармашылық топта жұмыс жасаған педагогтардың сонымен қатар жыл бойына педагогтардың кәсіби байқауларға үздіксіз қатысып жүрген педагогтарды, іс – тәжірибесін бөлісіп жүрген педагогтарды, әдістемелік құрал, әдістемелік орта шығарған педагогтарды, өз білімін жетілдіру жұмыстары бойынша ерекше жұмыстанып жүрген педагогтардың жұмысына мониторинг жасалып, мектеп директорына марапаттауға ұсынды. Жылдық, қортынды бойынша мектеп-гимназия директоры: Э.К.Культаяева педагогтарды марапаттады.

"Жыл мұғалімі-2023" номинациясымен: Жанұзақова Т.З. Биржанов Р.А. Исагамбетова Ж.У. Бртаева Ж.К. Рскалиева Г.М.

"Үздік педагог" номинациясымен: Ташигулова З.М. Бижанова Р.И. Дуйсенбина Г.К

"Үздік тәлімгер" номинациясымен Есмурзина Л.С.

"Үздік тәрбиеші" номинациясымен: Нугманова З.Б. Еркінова А.Е.

"Үздік жас маман" номинациясымен: Иванова Р.С. Бозғұлан Н.С. Карымсак Е.Б. Әлімжанова Ж.Ә. Әлім А.Д. Даулетова Л.Б.

"Жаңашыл мұғалім" номинациясымен: Жетесов Н.А. Ахметова А.А. Мусина А.Н. Бактыбаева Д.К.

"Үздік психолог" номинациясымен: Каймолдина М.Е.

"Үздік бірлестік жетекшісі" номинациясымен : Искендинова С.К. Утегенова Г.У. Сатмагамбетова Б.Т. Глєсова А.А.

2023-2024 оқу жылына ұсыныс.

5- мәселе бойынша: Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И. «Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстың жылдық қорытындысы.»

№7 Хромтау мектеп-гимназиясының дарынды оқушыларымен 2022-2023 оқу жылының VI тоқсанында жүргізілген жұмыстар бойынша таныстырып өтті. Барлық байқауларға мектебімізден оқушылар уақытылы қатыстырылып, жүлделі орындарға ие болғаны айтылды. Соның бірі 2023 жылғы 12 мамыр күні Павлодар қаласында 7-11 класс оқушылары арасында III Республикалық Мәшһүр-Жүсіп оқуларының республикалық кезеңі өткізілді. Мектебіміздің 10 класс оқушысы Нағашыбай Алина Арманқызы «Мәшһүр-Жүсіп шығармалары және Ұлы даланың ұлы есімдері» бағыты бойынша қатысып республикалық кезеңде жүлделі II-орын иеленді. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жанұзақова Торғын Зағитқызы. Сонымен қатар, жыл сайын өтетін «Дарын», «Зерде» ғылыми жобалармен шығармашылық байқауларымен пәндік олимпиадаға оқушыларды көбірек қатыстыру керектігіне және оқушылар дайындығына үнемі баса назар аудару керек екенін ескертті. Жыл сайын 9,10,11 класс оқушылары арасында өтетін жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық пәндік олимпиада көрсеткіші 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда жүлдегерлер санымен облыстық, республикалық кезеңге өтуі бойынша төмен екендігіне тоқталып өтті. (2021-2022 оқу жылы 40% болса, 2022-2023 оқу жылында 10%) 2023 жылғы 31 мамыр күні мектебіміздің акт залында «Дарынды шәкірт-білікті ұстаздан» атты кешімізде 2022-2023 оқу жылының көрсеткіштері бойынша жүлдегер оқушылар мектеп директорының Алғыс хатымен және жетекші мұғалімдер білім бөлімі басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

6- мәселе бойынша: Ресурстық мектептің жұмысын қортындылау. Директордың ғылыми - әдістемелік жөніндегі орынбасары: Алмаханова Л.Т. Құрылғаннан бері ресурстық орталық жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеді. Жалпы ресурстық орталық- шағын жинақты мектеп оқушыларына базалық және бейіндік оқыту мен тәрбиелеу негізінде олардың қабілеттерін, жеке бейінділік ерекшеліктерін ескеретін сапалы білім беруді қамтамасыз етеді. Ресурстық орталықтың миссиясы құрамына енетін білім мекемелерінің кадрлық, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік потенциалын біріктіріп, ауылда толыққанды, базалық және бейіндік білім беруді қамтамасыз ету болғандықтан біз өз алдымызға төмендегідей мақсат қойған едік: «Үздіксіз білім беру үшін заман талабына сай нақты арнайы білімдерді меңгерген, ауқымды ақпараттарды өмірде қолдана білетін, бәсекеге қабілетті, адамгершілігі мол, дені сау түлек дайындау. Осы мақсатты жүзеге асыруда төмендегі міндеттерді алға қойдық:

№ 7 Хромтау мектеп -гимназиясы (жанындағы мектеп интернатымен) КММ базасында Хромтау Аудандық Білім Бөлімінің жоспарына сәйкес 2022 жылдың 17.11 – 27.11 аралығында «Жігер» ресурстық орталығының сессиясы өтті. Сессияға Шағын жинақталған мектептерден құралған 5 - магнитті мектеп оқушылары қатысты.

Олар: Абай негізгі мектебі , Аққұдық орта мектебі, Майтөбе орта мектебі, Оңғар орта мектебі, Көктау орта мектебі. Жұмыс барысында ресурстық орталыққа магниттік мектептерден келетін оқушылардың саны анықталып, тізімі дайындалып аудандық білім бөліміне сұраныс берілді. Ресурсқа келген оқушыларды жатақхана бөлмелеріне орналастырылып, күн режимімен, мектеп жанындағы интернат жатақхана ережелерімен таныстырылды. Оқу-тәрбие үрдісі бойынша жоспарлар, ресурстық орталықтың жұмыс регламенті мен күн тәртібі бекітіліп, сабақ кестесі дайындалды. Сонымен қатар сабақ беретін пән мұғалімдері анықталынды.

Абай негізгі мектебі нен – 9 оқушы

Аққұдық орта мектебінен - 19 оқушы

Майтөбе орта мектебі ен - 8 оқушы

Оңғар орта мектебі нен - 9 оқушы

Көктау орта мектебінен – 8 оқушылар қатысты. Сессия жаратылыстану - математика бағыты

бойынша жүрді. Күзгі сессия кезеңінде төмендегі пәндер оқытылды: химия, биология, физика, математика, информатика, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы; қазақ тілі және әдебиеті, ағылшын тілі, орыс тілі. Оқушылар эссе жазуға көмек қажет ететіндіктері байқалды. Сабақ беруге тірек мектебінің мұғалімдері қамтылды. Сессия соңында оқушылардан сауалнамалар мен кері байланыс алынды. Оқушылар сессия ұнағанын соның ішінде сабақ берген пән мұғалімдерін атап, алғыстарын білдірді. Болашақта да оқушылары туралы деректер қорына, оқу жетістіктеріне, кіру және шығу тест қорытындыларына талдау мен мониторинг жүргізу, оқушылардан сауалнамалар мен кері байланыс алу, пән мұғалімдерінің рефлексивті есептеріне талдау жасау арқылы оқыту мен оқу сапасын дамыту, түрлі жарыстар мен сайыстар, сыныптан тыс шаралар арқылы қабілеттерін дамыту-басты мақсатымыз болып отыр. Сондықтан да алдымызға тірек мектебінің жұмысын жоба ретінде жоғарғы оқу орындарымен байланыста жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз.

7- мәселе бойынша: Мектеп психологі: Каймолдина М.Е. Мектеп білім алушыларының

эмоционалдық, психологиялық жағдайы. Мектеп білім алушылардың эмоционалдық, психологиялық жағдайының қорытындысы. Бастауыш, ортаңғы буын, жоғары буын білім алушыларымен сауалнама нәтижесінде мынадай сұрақтар қамтылды : мектепте еркін ұстауы (мінез құлқына байланысты)- жақсы, мұғаліммен тіл табысуы-жақсы, құрдастарымен қарым -қатынасы -жақсы деңгейде. Яғни білім алушылардың эмоционалдық жағдайы жақсы деңгейде деп қорытындыланды.

8 - мәселе бойынша: Әлеуметтік педагог: Мамбеткулова А.К. Мектептің әлеуметтік жағдайын қорытындылау. Мектептің әлеуметтік жағдайын қорытындылай келе, келесі көмектер көрсетілді. Тамыз-қыркүйек айларында №7 ХМГ «Мектепке жол» акциясы өткізілді. Демеушілер жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасылардың балаларына мектепке қажетті өздерінің қалауы бойынша киім кешек пен кеңсе тауарлары түрінде материалдық көмек көрсетті. Көрсетілген көмектің жалпы құны 1 124 000 теңге. Демеушілер: мектеп ұжымы, жеке кәсіпкерлер, Дөң тау – кең байыту комбинаты. Көрсетілген атаулы көмектер: мектеп сөмкесі және оқуға арналған кеңсе құралдары (жыл соңына жететіндей артығымен алынды). Қыз балаларға мектеп формасы яғни ақ кофта, қара белдемше, аяқ киім және спорт киімдерімен, ал ер балалар ақ көйлек, костюм-шалбар, аяқ киім және спорт киімдерімен ата-ана сұрауымен толық қамтамасыз етілді. «Мектепке жол-2022» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы аясында ауданымыздың барлық ірілі-ұсақты кәсіпкерлеріне мектеп атынан хаттар таратылды. Хаттардың жауабы ретінде төмендегідей көмектер көрсетілді.

- Хромтау ауданы әкімінің орынбасары Қабыл Мадияр Рахымжанұлы 9 сынып оқушысына 29 000 теңгеге мектеп формасы мен спорттық форма алып берді.
- №4 Хромтау орта мектебінің директоры Ешкеева Айгуль Тулеуовна 5 сынып оқушысына 29 000 теңгеге мектеп формасы мен рубашкасын және ұсақ түйіккімдер алып берді.
- 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының үкіметінің 2008 жылы 25 қаңтар №64 қауылысы негізінде 35 жекелеген санаттағы, қамқоршылықтағы, көпбалалы отбасыдан шыққан және аз қамтылған отбасы балаларының қаржылай және материалдық көмек көрсету аясында әр балаға 37.207 теңгеден жекелеген шоттарына аударылды. Әр ата - ана тарапынан мектеп әлеуметтік педагогына балаға алған киім кешектің чектерің ұсынды.

«Адиля кидс» дүкенінің жеке кәсіпкері Мадияр Сырым «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акция аясында жақын арада анасынан айырылған көпбалалы отбасынан шыққан мектебіміздің Нағашыбай Аян 1 сынып оқушысы және Нағашыбай Али мектепалды даярлық тобында оқитын оқушыларына қысқы куртка, шапка, шарф, қолғап, гамаж, жемпір, шалбар алып берді және интернат тәрбиеленушісі Абдуалиева Камилла 26 сынып оқушысы, ерекше білімді қажет ететін оқушы Ибрашева Айжарқын 36 сынып оқушысы дәл солай қысқы киімдермен қамтамасыз етілді. (жалпы соммасы 192.000 тенге)

Жеке кәсіпкер Биржанова Райхан мектебіміздің аз қамтылған отбасыларынан шыққан жалғыз басты әкемен тәрбиеленетін Нағашыбай Лунара 8ә сынып оқушысы және жалғыз басты әкемен тәрбиеленетін Айкен Нұрайлым 8ә сынып оқушыларына жана топтамадағы киімдер берді. (100.000 тенге көлемінде)

Қайырбай Еркебұлан мен Жомартова Аягөздің деңсаулық жағдайына байланысты мектеп тарапынан көмек көрсетілген болатын. Еркебұланның еміне 1-11 сынып арасында «Қайырымдылық жәрменкесі» ұйымдастырылып, жиналған 200.000 мыңнаң асқан сумма табысталды. Жомартова Аягөздің еміне аудандық мұғалімдер арасында волейбол ұйымдастырылып жиналған 500.000 мыңнаң асатын қаражат ата-анасының счет нөмеріне аударылған болатын.

Аудандық жаңа жылдық шыршасына мектебімізден 7 бала қатысты. Кенжебаев Диас 8ә сынып-жетім, Нағашыбай Шынғыс 7ә сынып, Нағашыбай Аян 1а сынып-аз қамтылған, Демесін Ерсұлтан 7а сынып-аз қамтылған, Ибрашева Айжарқын 36 сынып-ерекше білімді қажет ететін оқушы, Аманқосқызы Жасмин 2ә сынып-аз қамтылған. Шыршаға қатысқан оқушылар бағалы сыйлықтар және тәттілер табысталды.

Дөң тау-кең байыту комбинатының ұйымдастыруымен өткен шыршаға мектебіміздің екі оқушысы қатысты. Тишбаев Дарын 1ә сынып аз қамтылған отбасынан шыққан және Таубаева Аружан 1ә сынып ерекше білімді қажет ететін оқушы. Шыршаға қатысқан оқушыларға бағалы сыйлықпен тәттілер табысталды.

Рамазан айында мектебіміздің 4 аз қамтылған отбасыға №7 Хромтау мектеп – гимназия ұжымынан азық-түлікпен көмек көрсетілді.

9 - мәселе бойынша: Шаруашылық жөніндегі орынбасары: Сермағамбетова К. Мектептің материалдық базасын нығайту, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізу. Кабинеттерге тазалық келтіру, терезелерді қараңғылап жабу, гүлдердің уақытылы суаруылуына жағдай жасау. Қауіпсіздік ережелерді сақтай отырып мектеп мүлкіне зиян келтірмеу. Парталарды, отырғыштарды, есік - терезелерді жуып тапсыру қажет екендігін айтып өтті.

Ұсыныс:

1. 2022-2023 оқу жылының қорытынды білім сапасының мониторингі ескеріліп, келесі оқу жылына білім сапасын ілң де көтеру жұмыстары қолға алынсын. Емтихан өз уақытында өткізіліп, қортынды анықтамалары жазылсын.

- 2.«2022-2023 оқу жылының аралық емтиханынан босату және қорытынды аттестаттауға жіберу туралы» бұйрықтың орындалуы қолға алынсын.
- 3.Білімалушылардың жазғы демалысы сапалы ұйымдастырылуы қадағалансын. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қамтамасыз етілсін.
4. 2023-2024 оқу жылына берілген ұсыныс қолға алынсын.
5. «Дарынды балалармен жүргізілген жұмыс жалғасын тапсын.
- 6.2023-2024 оқу жылында Ресурстық мектептің жұмысын жандандырылсын.
- 7.Мектеп білім алушыларының эмоционалдық,психологиялық жағдайы қадағаланып отырсын.
- 8.Мектептің әлеуметтік жағдайын жақсарту жұмыстары жүргізілсін.
- 9.Мектептің материалдық базасын нығайту мақсатында барлық педагог қолға алсын..